

«БЕКІТЕМІН»

Қ. И. Сәтбаев атындағы
Қазақ Ұлттық техникалық
зерттеу университетінің
Басқарма мүшесі – ғылым
және корпоративтік даму
проректоры

Е.И. Кульдеев

2023 ж.

Э.А. Туркебаев атындағы Жобаларды басқару институты
«Менеджмент және математикалық экономика» кафедрасының
№5 кеңейтілген мәжілісінің көшірмесі

Алматы қаласы

22.12.2023

Төраға: Төрегелдинова А.Ж., э.ғ.к., қауым.профессор, ММЭ кафедрасының
меңгерушісі

Хатшы: Бекенова Г.Ы. – э.ғ.к., қауым.профессор

Қатысқандар:

1. Төрегелдинова А.Ж. – ММЭ кафедрасының меңгерушісі
2. Әбілқасова Б.Н. – аға оқытушы-магистр
3. Абуталипов М. М. – аға оқытушы-магистр
4. Бекенова Г.Ы. – э.ғ.к., қауым.профессор
5. Құдайбергенова А.А. – аға оқытушы-магистр
6. Салина А.П. – PhD докторы, профессор
7. Сұлтанбекова Ж.Ж. – т.ғ.к., қауым.профессор
8. Хрущев С.В. – м.ғ.д., профессор
9. Цеховой А.Ф. – т.ғ.д., профессор
10. Атаханова А. – кафедра менеджері
11. Сабден О.С. – э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, әлемдік экономика және халықаралық экономикалық қатынастар бөлімі, Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты
12. Мұханова Г.С. – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «Логистика» кафедрасының меңгерушісі
13. Жолтаева А.С. – PhD докторы, ҚР Жобалық менеджмент одағының ғылыми қызметкері
14. Хведелидзе М.Ж. – Докторантура бөлімінің меңгерушісі
15. Алшымбаева Д.У. – Ғылым департаментінің директоры

КҮН ТӘРТІБІ:

7. Әртүрлі мәселелер

7.1 6D051800 «Жобаларды басқару» білім беру бағдарламасының докторанты Карина Төлеуқызы Туркебаеваның «Аймақтық әртараптандыру, дамуы мен өсуі: Қазақстан Республикасының тәжірибесі, жобалық тәсіл» тақырыбындағы отандық ғылыми кеңесшісі – э.ғ.д., профессор Сабден О.С. және шетелдік ғылыми кеңесшісі: Венгрия Ғылым академиясының Ақпараттық қоғам қорының ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жөніндегі директоры, PhD докторы Ференц Кишц (Венгрия) жетекшілігімен орындалған диссертациялық жұмысын талқылау және диссертациялық Кеңеске қорғауға ұсыну.

ТЫҢДАДЫ:

Төрегелдинова А.Ж.: құрметті әріптестер, 6D051800 «Жобаларды басқару» білім беру бағдарламасы бойынша кафедраның докторанты К. Т. Туркебаеваның «Аймақтық әртараптандыру, дамуы мен өсуі: Қазақстан Республикасының тәжірибесі, жобалық тәсіл» диссертациясының тақырыбы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық Зерттеу университетінің 2018 ж. 29 қазандағы Ғылым кеңесінде бекітілген (бұйрық № 1198-д).

Отандық ғылыми кеңесшісі: э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институтының әлемдік экономика және халықаралық экономикалық қатынастар бөлімінің қызметкері Сабден О.С.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі: Венгрия Ғылым академиясының Ақпараттық қоғам қорының ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жөніндегі директоры, PhD докторы Ференц Кишц.

Кафедрадан сын-пікір беруші бейресми рецензенттері:

Салина А.П. – э.ғ.к., PhD докторы, «Менеджмент және математикалық экономика» кафедрасының профессоры.

Төрегелдинова А.Ж. – э.ғ.к., PhD докторы, «Менеджмент және математика және экономика» кафедрасының меңгерушісі.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша 7 ғылыми мақала жарияланған. Қазіргі уақытта 1 мақала халықаралық Scopus деректер базасына кіретін журналда, 4 мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі білім мен ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміне кіретін журналдарда, ал 2 мақала - ғылыми – тәжірибелік конференциялар жинағында жарияланған.

Диссертациялық жұмыс «Менеджмент және математикалық экономика» кафедрасында орындалды

Сөз докторант Қ.Т.Туркебаева беріледі.

Туркебаева К.Т.: Диссертациялық жұмысы бойынша баяндама жасады. Баяндама барысында докторант шешілетін міндеттердің өзектілігін, қорғауға жататын негізгі нәтижелерді, диссертацияда шешілетін міндеттерді тұжырымдап, зерттеу нәтижелерін ұсынды және диссертациялық жұмыс

бойынша қорытындылар мен ұсыныстарын баяндады.

Докторанттың баяндамасынан талқылау барысында келесі сұрақтар қойылып, оларға жауаптар алынды:

Цеховой А.Ф.: Карина, жұмысыңыздың мақсаты қандай?

Субъекті мен объекті?

62 беттегі формула нені білдіреді және оның авторы кім?

Анкеталауда іріктеу өлшемі қалай есептелді?

Жобалық басқару моделінің жетілу деңгейі қандай ?

Туркебаева К.Т: Жұмыстың мақсаты Өңірлерді басқарудағы жобалық тәсілдің теориялық-әдіснамалық базисін негіздеу, өңірлік бәсекеге қабілеттілік индексі және өңірдің дамуын жобалық басқару моделін есептеу әдістемесін әзірлеу, өңірлік Жобалық басқару жүйесін жетілдіру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Зерттеу объектісі-Қазақстан өңірлерінің дамуы мен өсуіндегі жобалық тәсілді іске асыру процесі. Зерттеу пәні-өңірлерде жобалау қызметін іске асыру барысында қалыптасатын институционалдық жағдайлар, экономикалық қатынастар және ұйымдастырушылық-басқарушылық тәжірибелер.

Бұл формула Джини аймақаралық теңсіздік коэффициентін есептеуге арналған, авторы Бранко Миланович, серб-американдық экономист, табыс теңсіздігі және жаһандану бойынша маман. PhD докторы, Лондон Экономика мектебінің, Нью-Йорк қалалық университетінің, Барселона халықаралық зерттеулер институтының профессоры, Дүниежүзілік банктің жетекші экономисі. Оның "Жаһандық теңсіздік" кітабы, 16 тілге аударылған Harvard University Press әлемдік бестселлерге айналды.

Берілген қате өлшемі мен сенімділігі үшін қайталанбайтын кездейсоқ іріктеу өлшемін есептеу 24-слайдтағы формула бойынша орындалды.

Ұлыбританияның мемлекеттік сауда министрлігі (Office of Government Commerce, OGC) PRINCE2 әдіснамасы негізінде р3m3 жетілу моделін ұсынды, ол ұйымның портфолиоларды, бағдарламалар мен жобаларды тиімді басқарудағы мүмкіндіктерін бағалау және кеңейту үшін кешенді құрылым болып табылады. Бұл модельде үш тәуелсіз қосалқы модель бар, олар жиынтықта да, жеке де қолданылады:

1) портфельді басқарудың жетілу моделі (Portfolio Management Maturity Model, PmM3);

2) бағдарламаны басқарудың жетілу моделі (Program Management Maturity Model, PgmM3);

3) жобаны басқарудың жетілу моделі (Project Management Maturity Model, pjm3). Сондай-ақ, PRINCE2 негізіндегі жеңілдетілген ішкі модельдер келесі нұсқаларда ұсынылған: Prince2 Maturity Model(P2MM); Project Maturity Model (P1M3); Programme and Project Management Maturity Model (P2M3).

Салина А.П.: Менің ойымша, жұмыс макро деңгей тұжырымдамасын білдіреді. Жобаны басқару-бұл микро деңгей. Яғни, аздап келіспеушілік бар. Қазақстан Республикасында жобалық басқарудың жетілуін бағалау бойынша кейбір мәселелер бар.

Сіз бағалауды қалай жасадыңыз?

Сіз қандай нәтижеге жеттіңіз?

Қандай есептеу бағдарлама қолдандыңыз?

Туркебаева К.Т: Ескертулеріңізбен келіспеймін, өйткені жобаны басқаруда 3 деңгей бар: 1) жобаларды басқару; 2) бағдарламаларды басқару; 3) портфельді басқару. Тиісінше, менің жұмысымда жобаны басқарудың бірнеше деңгейлері қамтылған.

P3m3 моделі қолданылды, (Portfolio, Programme and Project maturity Model, P3M3), PRINCE2 әдіснамасына сәйкес жасалған). P3M3 жетілген ұйымның негізгі сипаттамаларын анықтайтын жеті процесс аймағын қамтиды. Кешенді сауалнама үш бөлімнен тұрды (26 сұрақ): респонденттердің бейінін зерделеу, УП кәсіби кадрларына қажеттілік, ұйымның УП жетілуін бағалау. Бастапқы деректерді жинау 2021 жылы жүргізілген сауалнама негізінде жүзеге асырылды. Бұл жергілікті мемлекеттік құрылымдардың мүдделі тараптарының Қазақстан Республикасының 17 өңірі ауқымында жобалық басқаруға тартылу дәрежесін көрсететін суретті қалыптастыруға мүмкіндік берді. Респонденттердің саны 172 адамды құрады.

Зерттеу нәтижелері бойынша азды-көпті жетілген процесс облыстары анықталды. Ең жетілген - қаржылық менеджмент және басқарушылық бақылау. Ең аз жетілген тәуекелдерді басқару және ұйымдық басқару болып табылады. Деректердің (респонденттердің жауаптарының) қалыпты таралуы $up(2,53)$ орташа жетілу мәні мен оның медианасының (2,50) жақындығымен расталады. Қазақстан ҚП-ның жетілуін бағалау нәтижелерін талдау өңірлік деңгейде жобалық тәсілді қолданудың төмен тиімділігін анықтады. Орташа жетілу деңгейі бес балдық шкала бойынша 2,53 құрайды. Осыған қарамастан, аймақтық билік тарапынан жобалық инфрақұрылымды құруға қызығушылық пен белсенді ұстаным бар. Сауалнама деректеріне сәйкес, УП жетілу рейтингінде Маңғыстау облысы – 3,57, Алматы облысы – 3,34, Ақтөбе облысы – 3,23 көшбасшы болды.

Stata 8.0, Statistica және R studio бағдарламалық пакеттері қолданылды.

Хрущев С.В.: Зерттеу міндеттерін атаңыз.

Туркебаева К.Т: Қазақстан Республикасы өңірлерін дамытудың мемлекеттік басқармасында (ҚР) жобалық тәсілдің теориясы мен әдіснамасын зерттеу; ҚР өңірлерінің даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер бойынша статистикалық деректер базасын қалыптастыру; мемлекеттік бағдарламалар мен экономиканы дамыту жобаларының пайдасына әсер ететін негізгі факторларды анықтау; Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында жобаларды басқарудың жетілу дәрежесін бағалау; жобалық Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (ЖБИ) үшін өңірлік бәсекеге қабілеттілік индексі (РИК) есептеу әдістемесін ұсыну; өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарын және олардың дамуын қамтамасыз ету үшін жобалық менеджментті үдемелі енгізу бойынша ұсынымдарды ұсыну.

Сатыбалдиева Д.О: Аймақты зерттейтін Қазақстанның өлкетанушы қандай ғалымдарын атай аласыз? Ал шетелдік ғалымдардан кімдерді атай

аласыз? Зерттеудің ақпараттық көзі қандай?

Туркебаева К.Т: Қазақстан Республикасындағы өңірлік дамуды жобалық басқарудың жекелеген теориялық және әдістемелік мәселелері қазақстандық ғалымдардың А.Ф. Цехова, С.Б. Байзақов, О. С. Сабден, Б. Д. Хусаинов, Н. К. Нұрланова, Н. Ж. Бримбетова, С. Куница және т. б. еңбектерінде көрініс тапты.

Р. Акофф, И. Ансофф, Д. Клеланд, В. Кинг, Гант Дж. және т. б.

ҚР Президентінің Жолдаулары, заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттар, нормативтік-құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының статистикалық материалы, Дүниежүзілік экономикалық форумның, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының, Біріккен Ұлттар Ұйымының, менеджментті дамыту институтының әлемдік бәсекеге қабілеттілік туралы талдамалық есептері мен баяндамалары, Дүниежүзілік банк, Халықаралық кәсіби жобаларды басқару стандарттары.

Сұлтанбекова Ж.Ж: Сіздің нәтижелеріңіз бойынша қанша мақалаңыз жарияланған? Өндіріске ұсыныстарыңызды енгізу актілеріңіз бар ма?

Туркебаева К.Т: Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері: Scopus (Скопус) деректер базасында citesscore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы 1 мақалада; Республика Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы 4 мақалада; халықаралық конференциялар жинақтарындағы 2 мақалада.

Зерттеулер материалдары мен деректері "үшінші технологиялық жаңғырту негізінде ғылымды қажетсінетін экономикаға Қазақстандық жол: Даму стратегиясы, модельдері мен тетіктері" және "Қазақстандағы демографиялық процестердің, көші-қонның, урбанизацияның факторларын, ерекшеліктері мен динамикасын зерттеу, цифрлық карталар мен болжамдарды әзірлеу" Ғылым Академиясының жобалары шеңберінде қолданылды. Нәтижелерді енгізу актімен расталды.

Муханова Г.С.: Карина, сіз аймақтық жобалық басқару мәселелеріне арналған Институттың түлектерін білесіз бе?

Туркебаева К.Т: Менің білуімше, Қайрат Шалдарбеков өңірлік Жобалық басқару мәселелерін зерттеумен айналысқан.

Муханова Г.С.: Қайрат Жамбыл облысының мысалында зерттеу жүргізді, сондай-ақ әрбір өңірдің ерекшеліктерін ескеретін өңір үшін басым жобаларды көп өлшемді іріктеу бойынша ұсынымдар ұсынды, Қазақстан өңірлерінің инновациялық тартымдылығын бағалады.

Төрегелдинова А.Ж: Диссертациялық жұмыс бойынша ғылыми жетекшілері пікірі мен бейресми рецензенттерінің сын-пікірімен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Бұл диссертациялық жұмыс бойынша екі ғылыми кеңесшісі де оң пікір беріп отыр, олардың мәтінімен Сіздерді толық таныстырдым, ал бейресми

рецензенттерге докторанттың жұмысын шындай түсе диссертациялық кеңеске ұсынатынын ескеріп оң пікірлерін беріп отыр.

Бүгінгі талқылау нәтижелері бойынша диссертациялық жұмысты ашық қорғауға диссертациялық Кеңесте ұсынуды дауысқа қояйық.

Дауыс берді: бірауыздан

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

7. Әртүрлі мәселе бойынша:

7.1 6D051800 «Жобаларды басқару» білім беру бағдарламасының докторанты Карина Толеуқызы Туркебаеваның «Аймақтық әртараптандыру, дамуы мен өсуі: Қазақстан Республикасының тәжірибесі, жобалық тәсіл» тақырыбындағы отандық ғылыми кеңесшісі – э.ғ.д., профессор Сабден О.С. және шетелдік ғылыми кеңесшісі: Венгрия Ғылым академиясының Ақпараттық қоғам қорының ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жөніндегі директоры, PhD докторы Ференц Кищц (Венгрия) жетекшілігімен орындалған диссертациялық жұмысы диссертациялық Кеңеске қорғауға ұсынылсын.

Дауыс беру нәтижелері:

Қарсы емес - бәрі,

Қарсы - жоқ

Қалыс қалған - жоқ

Төраға



Төрегелдинова А.Ж.

Хатшы



Бекенова Г.Ы.